

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ПОВЫШЕНИЯ
КВАЛИФИКАЦИИ «ӨРЛЕУ» ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РАБОТНИКОВ ПО ГОРОДУ АСТАНА**



**«ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В
ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ»
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДЕСАНТ**

**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ»
ӘДІСТЕМЕЛІК ДЕСАНТ**

АСТАНА, 2018 ж.

УДК: 373:004

Под общей редакцией: Саиновой Л. А.

Редакционная коллегия: Чокушева А. И., Асамбаев М. Ж., Кусаинова А. Т.,
Налибаева Г. Р., Боранбаева Л. К., Тусупова Г. У.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдану»
«Применение инновационных технологий в дошкольных организациях
образования»

*Материалы публикуются в авторской редакции. Ответственность за
содержание публикаций несут авторы.*

© «Өрлеу» БАҰО АҚФ Астана қаласы бойынша ПҚБАИ, 2018
© ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана, 2018

Введение

Инновационные процессы на современном этапе развития общества затрагивают в первую очередь систему дошкольного образования, как первый уровень раскрытия потенциальных способностей ребёнка. Развитие дошкольного образования, переход на новый качественный уровень не может осуществляться без применения инновационных технологий.

Инновации определяют новые методы, формы, средства, технологии, используемые в педагогической практике, ориентированные на личность ребёнка, на развитие его способностей. На современном этапе развития Казахстана происходят изменения в образовательных процессах: обновляется содержание образования, акцентируя внимание педагогов дошкольного образования на развитие творческих и интеллектуальных способностей детей, коррекции эмоционально-волевой и двигательной сфер; на смену традиционным методам приходят активные методы воспитания и обучения, направленные на активизацию познавательного развития ребенка.

В этих изменяющихся условиях педагогу дошкольной организации образования необходимо уметь ориентироваться в многообразии современных технологий. Применение инновационных технологий и интеграции образовательных областей Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения и предшкольной подготовки позволяет педагогам решить воспитательно-образовательные задачи в организованной учебной деятельности, самостоятельной деятельности детей и взрослых.

В сборнике «Применение инновационных технологий в дошкольных организациях образования» представлены научно-методические статьи с описанием результатов практической деятельности педагогов по внедрению современных методик и технологий в воспитательно-образовательный процесс дошкольных организаций образования.

Редакторы выражают глубокую признательность всем тем, кто внес вклад в подготовку данного издания.

РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ СТАРШЕЙ ГРУППЫ ЧЕРЕЗ ТЕАТРАЛИЗОВАННУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Алиева С. К.,
учитель русского языка
ясли-сада № 38 «Шаттық»

*Каков у человека характер, такова и его речь.
(Народная мудрость)*

Очень хочется воспитать гармонично развитого человека во всех смыслах. Поэтому темой своей педагогической концепции я взяла: «Развитие речи дошкольников старшей группы через театрализованную деятельность». Речь не даётся человеку от рождения. Должно пройти время, чтобы ребёнок начал говорить, а взрослые должны приложить немало усилий, чтобы речь ребёнка развивалась правильно и своевременно. Основная задача любого ДОО – речевое развитие дошкольников. Результаты мониторингов свидетельствуют о том, что в последнее время возросло число дошкольников, имеющих существенные нарушения в способности правильно говорить.

К сожалению, вечно занятые родители в наше время часто забывают об этом, и пускают процесс развития речи на самотёк. Дома ребёнок проводит мало времени в обществе взрослых (всё больше за компьютером, у телевизора или со своими игрушками), редко слушает рассказы и сказки из уст мамы с папой, а уж планомерные развивающие занятия по освоению речи – вообще редкость. Вот и получается, что с речью ребёнка к моменту поступления в школу возникает множество проблем:

Односложная, состоящая из простых предложений;

Бедность речи, недостаточный словарный запас;

Бедная диалогическая речь;

Неспособность построить монолог;

Отсутствие навыков культуры речи.

Разнообразить речевую практику дошкольников в детском саду мне помогает театрализованная деятельность, именно театрализованная игра оказывает большое влияние на речевое развитие детей: стимулирует речь за счёт расширения словарного запаса, совершенствует артикуляционный аппарат.

Разнообразить речевую практику дошкольников в детском саду мне помогает театрализованная деятельность, именно театрализованная игра оказывает большое влияние на речевое развитие детей: стимулирует речь за счёт расширения словарного запаса, совершенствует артикуляционный аппарат.

Театрализованная деятельность позволяет решать одну из важных задач – развитие речи, поэтому в группе создали «Центр речевой активности», в который поместили: художественную литературу, альбомы с иллюстрациями знакомых произведений, сделали подборку артикуляционной гимнастики и

пальчиковых упражнений, составили картотеку дидактических игр по следующим направлениям:

для формирования грамматического строя речи «У кого похожая картинка?», «Подбираем рифму», «Загадки-описание» и т.д. на развитие связной речи «Подскажи словечко», «Кто может совершать эти действия?», «Кто, как передвигается? «Что происходит в природе?»».

в работе над звуковой стороной речи: «Из какой сказки персонаж?», «Заводные игрушки», «Лисьи прятки» и т.д.

Воспитательные возможности по театрализованной деятельности огромны, её тематика неограничена и может удовлетворять любые интересы и желания ребёнка. Занятия театрализованной деятельностью развивают сферу чувств, будят в ребёнке сострадание, способность поставить себя на место другого, радоваться и тревожиться вместе с ним.

Поэтому одним из этапов в развитии речи через театрализованную деятельность является работа над выразительностью речи. В процессе работы над выразительностью реплик персонажей, собственных высказываний незаметно активизируется словарь ребёнка, совершенствуется звуковая культура его речи, её интонационный строй. Работу на данном этапе строю в следующей последовательности: сначала сама проигрываю предполагаемый сюжет в ролях, затем предлагаю детям говорить за персонажами. И только после того, как дети запомнили содержание, предлагаю игру на этот сюжет. Примерами таких игр могут быть игры «Отгадай загадку», «Сказка наизнанку», «Так бывает или нет?» и т.д.

Театрализованная игра является благоприятной средой для творческого развития детей, а эта деятельность помогает развитию речи детей. Поэтому в процессе игровой деятельности включаю: музыкально-ритмические разминки, это музыкально-практические игры и упражнения, которые развивают подвижность, пластическую выразительность, музыкальность и ритмичность; дыхательную и речевую гимнастику, с помощью которой у детей формируется правильная, чёткая артикуляция и произношение. В работе над формированием звуковой культуры речи широко использую речевые средства: потешки, считалки, чистоговорки и т.д.

Считаю, что при правильном и умелом подборе они способствуют не только правильному формированию звукопроизношения, но и обобщают знания детей об окружающей действительности. На занятиях по развитию связной речи большое внимание уделяю рассматриванию иллюстраций и картин, дети описывают предметы и явления, используют различные речевые обороты. В совместной деятельности с детьми провожу логопедические пятиминутки, а в пятницу во второй половине дня «час театра». Практика показала, что работа по развитию речи не будет полноценна без участия семьи. Только в тесном контакте с родителями можно добиться положительных результатов. Поэтому вся моя работа была направлена на повышение компетентности родителей в данном вопросе, для этого мною был проведён семинар-практикум «Роль театра в развитии речи детей», который состоял из

трёх занятий: «Театр кукол и игрушек в детском саду» – лекция-дискуссия; «Театрализованные игры – путь к детскому творчеству» – мастер-класс; «Сказки, сказки, сказки...» – занятие-практикум.

Вместе с музыкальным руководителем подобрали музыку к различным образам сказочных героев, провели театрализованные представления по сказкам «Репка», «Теремок». Инструктор по физической культуре отработал различные движения, помог в организации досугов, праздников, предоставляя детям возможность проявить активность, самостоятельность, творчество. Проведённая работа эффективна, на что указывают положительные результаты при повторном обследовании:

1. У детей повысился уровень развития речи.
2. Вырос интерес к театрализованной деятельности, дети активно принимают участие в драматизации знакомых сказок, разыгрывают небольшие сценки.
3. Заметно повысился уровень сформированности коммуникативных навыков.

Подводя итог, хочется отметить, что влияние театрализованной деятельности на развитие речи неоспоримо. С помощью театрализованных занятий можно решать практически все задачи программы развития речи и наряду с основными методами и приёмами речевого развития детей можно и нужно использовать этот богатейший материал словесного творчества народа.

Использованная литература:

1. Артёмова Л. В. Театрализованные игры дошкольников. М.: Просвещение, 1991г.
2. Антипина А. Е. Театрализованная деятельность в детском саду. М.: ТЦ — Сфера, 2003г.
3. Маханёва М. Д. Театрализованные занятия в детском саду. М.: ТЦ — Сфера, 2003г.
4. Новотворцев Н. К. Развитие речи детей. Ярославль, 1995г.
5. Программа, методические рекомендации под редакцией М. А. Васильевой. «Воспитание дошкольника».
6. Сорокина Н.Ф. Играем в кукольный театр, 2002г.

ТІЛДІК ОРТАҒА ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Алтынбекова Ф.

№38 «Шаттық»

балабақшасының тәрбиешісі

Заман талабына сай – баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерді қалыптастыру бүгінгі күннің талабы. Елбасымыз «Өз жолдауында балаларды қазіргі заманға сай жаңа технологиямен оқыту маңызды, демек оқыту барысындағы сөйлеу дағдысы жоғары, жаңа технологияны жетік меңгерген тұлғаны қалыптастыру- басты міндет» екенін атап өтті.

Балалардың сөйлеу дағдысын дамыту барысында өздері игерген білімі негізінде пікір алысады, өзара байланыстырып сөйлеп, жеке фактілер мен бақылаулардан ой тұжырымдауға, талқылауға жетеді, өз бетінше шешім қабылдаудың жолдарын, әдістерін қарастырады. Бұл әдіс- тілдік ортаға ену әдісі.

Баланың тілін дамыту әдістері:

- баламен әңгімелесу;
- күнделікті өмірге қажетті заттарды, айналадағы дүниені бақылату;
- заттың өзін немесе суретін көрсете отырып сөйлесу;
- сөздік тапсырмаларын орындату;
- әңгімеленгеннен соң балаға сол оқиғаға байланысты әдеби шығармалар оқып беріп тыңдату.
- түсінгені туралы оқиғаны суреттеп, мүсіндеп көрсетуге жаттықтыру.

Мектеп жасына дейінгі бала заттардың елеусіз ерекшелігіне дейін бірден байқап, тез қабылдайды. Баланың тілін дамытуда мынандай жұмыс түрлерін жүргізіп отыруға болады. Айналадағы күнделікті пайдаланып жүрген заттарды (киім-кешек, ыдыс-аяқ, тағам, үй мүліктері) көрсету, баланың қолына беріп, атын айтқызып сұрау. Баланы белгілі заттардың атына байланысты сөздерден сөйлем құрап айтуға үйрету. Балалар сөзді, сөйлемді дұрыс айтуға үйрене бастауға, содан соң шағын әңгіме құрастыруға дағдыландыру керек. Балалардың қазақ тілін үйренуі тілдік ортаға ену әдісі арқылы жүзеге асады. Төменде көрсетілген әдіс-тәсілдерді күнделікті пайдалануға болады.

1. Сөйлесу әдісі- берілген тақырып бойынша балалар мен ересектердің өзара қарым-қатынасы.
2. Қайталау-сөздерді сөз тіркестерін және сөйлемдерді қайталап айтылуы (хормен, педагогпен бірге, жеке).
3. Педагогтің әңгімесі- сурет арқылы әңгімелеу, түсіндіру.
4. Баланың әңгімесі – бала өзінің көргенін, естігенін, әңгімелеп айтып береді.
5. Сұхбат-пікір алысу, өз ойын, ортаға салу.

Байланыстырып сөйлеуді дамытуда ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, театрлық қойылымдар тәрбие әліппесі, өнер көзі.

Тәрбиешімен құрбы құрдастарымен қарым-қатынас жасауда балалар қажетті сөздік қор жинайды, қазақ тілінде сөйлеуді үйренеді.

Балалармен сөздік жұмыс жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Балаларға тақырыпты меңгеруде түрлі ойын тапсырмалар дайындалады. Мектеп жасына дейінгі бала заттардың елеусіз ерекшелігіне дейін бірден байқап, тез қабылдайды. Баланың бақылаукезінде көргендері жайлы педагог сұрақ қойып әңгімелесу. Ойыншықтары, жақсы көретін заттары жайында әңгіме айтқызу. Сюжетті көркем (суреттерді) көрсетіп, оның мазмұнын әңгімелеп беруге баулу. Сонымен ұйымдастыру мен жүргізу кезінде балаларды өзіне-өзі қызмет етуге және дербестікке дағдыландыру процесінде қазақ тілінің мағынасын түсініп қабылдау арқылы сөйлеу дағдылары артады. Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептеледі. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктіктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде педагогтың негізгі міндеті- жаңа сөздерді меңгерту, сөздік қорларын дамыту, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап отыру басты міндеті болып саналады. Осы аталған міндеттерді педагог үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорларын дамытуды: тапсырма, жаттығулардың, ойындардың орны ерекше. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпады. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бал ешнәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз –барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген құштарлығы мен құлшынысы. Баланың білуге деген талпынысы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Педагог бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Пішіндер көрмесі» сияқты жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін береді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады. Осылар арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызшы сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік

қасиеттер бойына сіңіреді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту мақсатында: балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тияқтап, анықтап әрі байытып отыру басты мақсатым болып есептеледі.

Қорыта айтқанда, балабақшада балалардың тілін дамытуда әрдайым әдіс-тәсілдер қолдана білу керек. Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі-жан-жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі білім беру үрдісі өзгеру үстінде болғандықтан, соны меңгерте білу біздің міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана қ. 28 ақпан 2007 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» 27 шілде 2007 ж. №319.
3. Баймұратова Б, Тұрыскелдина М. Мектепке дейінгі тәрбие бағдарламаларын оқыту және арқылы тілін дамыту. Бала мен балабақша. №5, 2008.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Бердимуратова А. С.,
№38 «Шаттық»
балабақшасының тәрбиешісі

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты – мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде

қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түрі бар. Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Интерактивті тақтаның жетістігі кіші жастағы балаларды оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, замануи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиялық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің таңымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Оқытуда пайдаланатын интерактивті құралдар: тақта, компьютерлер балаларды диагностикалауда жақсы көмекші болып келеді:

- ✓ Зейінін дамытуда;
- ✓ Есте сақтау қабілетін дамытуда;
- ✓ Ойлау қабілетін дамытуда;
- ✓ Тілін;
- ✓ Жеке тұлғасын дамытуда;
- ✓ Оқу қызметінің дағдыларын қалыптастыруда.

Интерактивті оқу қызметін өткізу бөлмесі келесі міндеттерді орындайды:

- Балаларды жаңа технологиялары арқылы оқыту;
- Сауық және ойын орталығы;
- Мұнда көлемді білімдендіру және сауықтыру міндеттері орындалады;
- Балаларға және тәрбиешілерге жұмыстануға өте жағымды жағдайлар туғызады;
- Балаларды компьютерлік технологияның мүмкіндіктері мен дағдыларымен таныстырады.

Интерактивті тақтаны пайдалану оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Бірнеше технологияларды пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді.

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмір мен және еңбегімен байланыстырады.

Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және

құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Қорытындылай келетін болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Сондықтан жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді - ертеңгі мұғалімдердер мен тәрбиешілерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319-III Заңы. 01.01.2016 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен.
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.
3. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқулық. Тараз. Тар Му. 2003
4. А.К.Ахметов. Принципы технологий и содержание образовательной программы. Алматы. 1995.
5. «Қазақстан мектебі» журналы №8, 2004
6. «Бала мен балабақша» журналы №11, 2011

САХНАЛЫҚ ҚОЙЛЫМДАР АРҚЫЛЫ ТІЛДЕРІН ДАМУ

Каримова А. Қ.,

№38 «Шаттық»

балабақшасының тәрбиешісі

«Театр» сөзінің шыққан тегі гректерден, ол грекше ойын-сауық қойылатын орын немесе ойын – сауықтың өзі деген ұғымды білдіреді. Театр тарихы бірнеше мыңжылдықпен саналады. Театр ежелгі замандардан бері адамзатпен серіктесіп келеді. Бұл айрықша және таңғажайып әлем, мұнда бәрі әдеттегіден тыс және жұмбақ, бірақ сізбен біздің өмірімізді керемет еске алып тұрады.

Балалардың көрген театрдың өзінен, сондай – ақ өздері қойған сахналық қойылымдар балалардың ой – өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, көрініс туралы ата – аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Осының барлығы баланың сөйлеу қабілетінің дамуына, анық сөйлеуіне, өзі алған әсерін монолог түрінде жеткізуге себебін тигізеді.

Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Өзіннің көрерменімен әрбір жаңа жүздесуіне сахналық өнер қайта жаңарғандай болады және ешнәрсемен теңдесі жоқ бірге күйзелу сезімін сыйлайды. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде сахна (театр) ерекше рөл атқарады.

Сахналандырылған ойындар, ойын – қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие, сондықтан балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен – дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс – тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады.

Бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен кішігірім әндерді, тақпақтарды, жұбату өлеңдерін, кіші сахна көріністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс – әрекеті өз бетінше жүргізіледі.

Балалар беске қараған жасында, театр іс – әрекеті үрдісінде, рөлдерді ойнау барысында өзіндік жеке ерекшеліктерді енгізуге белсенді ұмтылады.

Мектепке дейінгі ересектер жасында балаларды көркемдік – бейнелік айшықтықтың амалдарына арнайы үйрету мүмкіндігі туады. Қарапайым шығармалардан кереметтей сахналық көрініс жасауға болады. Сахналық жүру, тұру, сөйлеу, өзін – өзі білу, сыйлау мәдениетіне үйренеді.


Рөлді ойнау арқылы бала жағымды әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйренеді, өзі жаман қасиеттерді қайталамауға тырысады. Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерінде ойнап, кейіпкерлердің сөздерін, диалогтарын жаттап алу арқылы балалардың тілдері дамиды.

Мемлекеттің алға қойған мақсаттарының бірі – қазақ тілі мәртебесін жоғары деңгейге көтеру. Бұл әрекет балабақша қабырғасынан басталатыны белгілі.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік стандартының «Қатынас» білім беру саласында балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың нормативі берілген. Сол міндетті шешуде біздің жобамыздың тақырыбының өзектілігі бар. Қуыршақ театрында кейіпкерлердің рөлдерін қуыршақтар ойнайды.


Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тіпті сәбилер тобынан бастап – ақ тақпақ

пен қысқа өлеңдерд айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілуі үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналық қойылымдарды қолдана берген жөн. Балалар ой – өрісінің кеңейюіне байланысты сахналық ойындар күрделене түсуі тиіс.



Соның айғағы ретінде бабабақшада қолданылған сахналық қойылымдардан, ертегіні сахналаудан үзінді.

- Театр қойылымы



Театрландырылған ойын. Кез – келген өмірлік мән жайда өз құбылыстарымен және үлкендермен қарым – қатынас жасай білуге, кез-келген жұмысқа шығармашылық қабілетпен қарауға, эстетикалық сезіммен ойнау арқылы мінез құлқын дамыту. Бұл бөлімдегі ойын 3-ке бөлінеді:

- Дамытушылық.
- Әсемдік.
- Театрлық.

Ырғақты иілгішті (ритмопластика) - бұған кешенді (комплект) ырғықтылық, музыкалық, иілгіштік ойындар мен жаттығулар кіреді. Дене қозғалысының нақтылығымен еркіндігін дамытуда, өзінің денесінің сыртқы қоршаған ортамен байланысқан қарым – қатынасын сезінуге балаларды эстетикалық қабілетін дамытады.

Сөз мәдениеті мен техникасы. Ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасымен дикцияның дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрылымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге сөздермен айтылатын ойындар кіргізілген. Бейнелеу арқылы сөйлетуін дамыту, шығармашылық фантазиясын дамыту, шағын әңгіме және ертегі құрастыра білуге үйретеді. Жаттығулар 3-ке бөлінеді: тыныс алу және артикуляциялық, дикциялық және интонациялық сөздермен шығармашылық ойындар.

Театр мәдениеті. Балаларға театр өмірінің шынайы сезімдерін меңгерту. Бөлімнің негізгі тақырыптары: театр өнерінің ерекшеліктері, театр өнерінің түрлері, қойылымның жасалуы, сыртқы және ішкі театр, көрермендер мәдениеттілігі.

Қойылыммен жұмыс - жанама бөлім, авторлық сахналауға негізделген. Оған кіретін тақырыптар.

- Қойылыммен таныстыру
- Қойылымды мазмұндап, талдау, кейіпкерлендіру.
- Қойылымға қажетті құралдар дайындау. Көріністі безендіру.
- Дайындық.

Қойылымды сахналау.

Театрландырылған ойынның жіктелуі:



Драматизациялық ойында бала – артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала ойын – драматизациясында қандай бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады.

Драматизация түрлері:

Жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер ойыны:

Мәтін бойынша негізделген диалог, монолог, рөлдік ойындар;

Шығармашылық көрсетілім;

Бір немесе бірнеше шығарма арқылы қойылым қою. Ал, драматизация ойынның екі түрін қарастыруға болады.

Саусақтар ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінің айта отырып, саусақтарын қимылдатып, сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді.

Қуыршақ бибабомен ойын – драматизациясы. Бұл ойында саусақтарға қуыршақ бибабоны киеді. Ширмада ойнайды. Бұл қуыршақтарды ескі қуыршақтардан жасауға болады.

Режиссерлік ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахна қоюшырөлін ойнайды, ойыншықтардың орнында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер мен ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ең көп тараған түрі: **ойыншықтар театры** – бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды – маринеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтардыда қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігіндей болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақпен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуге, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театрында - саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең – тақпақ шумағын сахналау болып табылады, саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады, шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, оң, сол жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

Үстел үстіндегі театры – сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілуі үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер» театр; магнит театры; «мочалка» театры; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас

бөтелкелерге кигізіп қояды); ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар).

Суреттер (картиналар) театры - декорация мен кейіпкердің суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Стенд – кітапша театры – бірін-бірі ауыстыратын иллюстрациялық оқиғалар көрсетіледі. Стенд – кітапшаның беттерін ашу арқылы жүргізуші әр түрлі сюжеттерді көрсетеді (оқиғалар, кездесулер).

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалармен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Трафарет театры арқылы сөз құрамының байлығын, диалог, момологты дамытуға болады. Оларды түрлі-түсті бояулармен бояйды, дайын бейнелерді қайшымен қияды. Бұл жерде балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Ұжымдасып жұмыс істеу үрдісінде әрбір бала өзіне берілген бейненің түр-тұлғасын, қимыл-қозғалысын өзгерте алады.

Көлеңке театры – жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрдың қойылымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрдың сахнасы экран болады. Экранды ағаштан немесе кардоннан жасайды, ою-өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жұқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістерін дамытады.

Этюд – актерлік техниканы дамытуға арналған арнайы жаттығуларды театр мектептерінде осылай атайды. Ойналуы керек ситуация ойлап табылады. Бұл ретте авторлық мәтін мүлде болмайды. Мәтін ойламаған жерден өз-өзінен тууға тиіс.

Театрланған іскерлік арқылы шешілетін өзімнің педагогикалық жұмысымнан мысал келтірейін. Ертегіден «сиқырлы заттар» арқылы «ертегіге ену». Балалардың елестетулерін қалыптастыру. Балаларға көздерін жұмғызып, демдерін ішке тартып оны қайта шығару арқылы көздерін ашу. Одан кейін балалардың көңілін қандай да бір затқа аудару. Мысалы үстелге (одан жұмыртқа жерге құлап түсті ме?) тегешке (осы тегешке бауырсақ пісірді ме?) балалардан сұраймын бұлар қай ертегідегі заттар.

Ертегілерді оқу және оны бірігіп талдау. Бастапқыда мен ертегіге әңгіме өткіземін. Ондағы кейіпкерлердің эмоциясымен және сезімдерімен таныстырамын, одан кейін әр түрлі мінез – құлықтары бар бейнелерді бөліп алуға және олардың біреуінің орына өздерін қоюы туралы айтамын. Өздерін қою үшін айна қолданады.

Ертегідегі үзіндіні ойнау әр түрлі мінез құлықтармен көрсетіледі. Ертегі балаларға ерекше айқын эмоционалды оқиғаны әңгімелейді. Ертегідегі кейіпкерлердің суреттерін салуға, бояуға үйретеді. Үстел үстіндегі қозғалмалы ойындарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінен кейін ойнауға болады. Онда балалардың өздерінің шығармашылықтары артады.

Театрландырылған ойынды басқару негізінде әдеби шығармашылық мәтінмен жұмыс істеу жатады. Мәтінді оқығанда әдеби тілмен анық, мәнерлеп оқу керек. Әр түрлі жастағы балабақша топтарында жүргізілетін театр – ойын іскерліктерін дамыту жұмыстарының мазмұнының ерекшеліктері. Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады.

Тәрбиеші мен дайындық топтарының балалары сәбилерге кішігірім спектакльдер көрсетеді. Бұған әр түрлі театр түрлері қолданылады, бәрімізге таныс картиналар театры (фланелограф) саусақ театры. Сәбилердің ынталарын, әр түрлі түстерді ажырата алуына көмектеседі. Сәбилер тобындағы балалар ертегінің мәтінін өздері қайталамау үшін, олар берілген іс-әрекетті орындайды. Мәтінді өзім 2-3 рет оқимын. Рөлмен ойнау балалардың елестету белсенділігін арттырады, өз бетімен шығармашылық ойынға дайындалуға көмектеседі.

Театрландырылған ойынға қызығушылықтарын қалыптастыруға қуыршақ театрының қойылымын көру көмектеседі. Оны өзім көрсетемін немесе дайындық топ балалары көрсетеді. Қуыршақ театры күнделікті ұйымдастырылған оқу – әрекетінде балаларды мадақтау, мақтау үшін олармен амандасып, қоштасу үшін қолданылады.

Мен біртіндеп ойындарды кеңейтемін, драматизациялық ойынның әр түрлілігін меңгерту арқылы, балаларды қатыстыра отырып, ойын тапсырмаларын біртіндеп қиындата түсемін.

Адамдар, жануарлар және құстардың әрекеттерін ойын арқылы келтіру. Адамның негізгі эмоциясы (күн көрінді – балалар қуанады, күледі, алақандарын соғады, орындарында секіреді)

Кейіпкердің эмоциясын беру арқылы іс-әрекеттің бірізділікпен байланысындағы ойын-әрекеті.

Жақсы таныс ертегілер кейіпкерлерінің бейнесіндегі ойын-әрекеті.
Музыкалық ойын-әрекеті.

Тәрбиешінің оқуы арқылы бір кейіпкермен мәтіндегі өлең арқылы ойын-әрекеті.

Қысқа ертегі, әңгіме, өлеңдердің мәтінін тәрбиешінің айтылуымен қойылатын ойын-әрекеті.

Ертегі кейіпкерлерімен рөлдік диалог.

Жануарлар ертегілерінің бөліктерін сахналау.

Халық ертегілеріндегі бірнеше кейіпкерлерді драматизациялық ойындармен әрекеттеу. Ойнау дағдыларын дамыту жағдайында ойнауітәжірибиесін толықтыру.

Бірінші топ. «Көрермен» позициясын меңгеруге үйрену. (жақсылықпен қарайтын, аяғына дейін тындайтын, қолдарын соғатын, артистерге рахмет айтатын)

Екінші топ. «Артист» болуға 1-ші қадамын жасауға үйрену. (мимикасын, қозғалысын, күшін, дауыс ырғағын, сөз ырғағы) арқылы кейіпкерге ену.

Үшінші топ. Ойынның басқа қатысушыларымен қарым-қатынасын жасай білу, дауласпай, кезекпен тартымды рөлдер ойнау.

Ортаңғы топтағы балалар «өзі үшін» ойыннан бала біртіндеп көрермендер үшін жасалған қойылымға ауысады. Бұл жастағы балалардың театрланған ойынға қызығушылықтары тереңдей түседі.

Ортаңғы мен ересек тобының балалары сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы артады. Қандайда сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі.

1. Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімеленген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударылады.

2. Әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлінеді. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады.

3. Сұрақ – жауап арқылы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отыру.

4. Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалау.

Дайындық топтарындағы балалардың театрландырылған ойындары қиындай түседі. Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән-күйлер мен билерді кіріктіріп отырылды. Мысалы, «Үйшік» ертегісінде әр кейіпкерлердің сахнаға шығуын «Қонақ келсе құт» деген мақалмен бастадық.

Театрлық ойынға қатысушы даярлық тобының балалары кейіпкерлердің мінезін, жүріс-тұрысын, әдеттерін айнытпай салып, көрерменге иланымды етіп ойнауы үшін, талмай жаттығулар жасалады.

Сахналық өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, күйінішті-сүйінішті сәйкес тебірене мәнерлеп айта білуге үйренеді.

Соның нәтижесінде, олардың шығармашылық қабілеттері оянады. Бейнелеу, көркем әдебиет, тіл дамыту сабақтарын байланыстырып өткізгенде. Әр сабақтың соңы әрқашанда дерлік ертегі сюжетімен байланысты қойылымдармен аяқталып отырды.

Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры толықтырылды, сөйтіп олардың белсенділіктері артты, сабақтар мен сауық кештері еркін түрде қызықты өтетін болды. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, сабаққа ынталана, құштарланып қатысып отырды. Осы жұмыстарды өткізген кезеңде әрбір ұлттық халық ертегілерінен көріністер қойылды.

Балалар өз беттерімен ойнаған іс-әрекеттерінде де театр ойындарының түрлерін қолданатын болды. Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, сюжетті көріністерді де жиі қолданылып, тіпті кейде ертгінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырылады. Топ ішінде емін-еркін жүріп, өздеріне ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті уақытында керекті ойын құралдарын өздері тандап алып отырады. Балалардың шығармашылығы тек рөлдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінді.

Қуыршақтардың түр-түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезіндегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүние танымын жетілдіруде театр ойындарының түрлері тиімді нәтиже береді.

Театр балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай олардың өзара қарым-қатынасын, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенімі артып, алғашқы өзінет арналған қол шапалақтарды сезіне алады.

Қалай десекте театр – балалар үшін мереке, демалыс орны. Баламен бірге театрға барып, балалардың ертеңгіліктерінде ойнаған рөлдерін көру ата-аналар үшін зор бақыт деп білеміз. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер үшін мол бақыт деп есептеймін!


Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр үлкен рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуімен қиялын дамытады.

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда жан-жақты қалыптасу үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек.

Бала әр нәрсеге құмар, қызықшыл, ол өзіні айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар желілі рөлдік ойындардан тек желісі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіндігі айқындалған.

Театрландырылған ойындар ойын-қимылдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту.

Қорытынды



Бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен кішігірім әндерді, тақпақтарды, жұбату өлеңдерін, кіші сахна көріністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс – әрекеті өз бетінше жүргізіледі. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түріне сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілермен әңгімелерінде өздерін әділетті, әлсіздермен жәбірленгендерді қорғап жауыздарды жазалауға тырысады.

Барлық балалар театрды тамашалағанды жақсы көреді.

Бала тәрбиесінде әр түрлі театрдың алатын орны ерекше.

Қуыршақ театры баланың дүние танымын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Балалар әртістермен бірге күліп, бірге жылап отырып, өздерін мазалап жүрген көптеген мәселелердің шешімін табады. Бүгінде бөбектердің дамуына үлкен ықпал ететін қуыршақ театрының құпияларын айтатын болсақ:

- Тілін дамытады, себебі балалардың қолдарының саусақтарының жетілуі мен орталық мидың тілдің дамуына жауапты бөлігіне әсер етеді.

Балалар театрының бірнеше түрі бар. Ең көп тараған түрі – қуыршақ театры. Қысқа тақпақтарды жаттап, оны өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнала бастайтыны белгілі. Театр түрлері:

- Қуыршақ театры
- Саусақ театры
- Көлеңке театры
- Ойыншықтар театры

Саусақ театры – театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңілі, қол жетімдісі. Саусақ театрын сабақтан тыс кезде қолдануға болады. Ас ішер алдында қолдануға болады. Тамақ ішер кезінде саусақ қуыршағы арқылы тақпақ айтуға болады.

Тамақ ішер кез келді

Сөйлемейміз, күлмейміз

Астан басқа өзгені,
Көзімізге ілмейміз. / Астарың дәмді болсын/

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тіпті сәбилер тобынан бастап – ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерд айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілуі үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналық қойылымдарды қолдана берген жөн.

I кезең. Балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады.

II кезең. Ертегінің барлық кейіпкерлерінің сөздері бір балаға ғана ұсынылады.

III кезең. Балалар бірнеше шығармашылық тапсырмаларды орындайды.
/қорқыныш, қуаныш сезімдерін көрсете білу жіне т.с.с/

IV кезең. Рөлдерге бөліп, ертегіні оқу жүзеге асады.

Қорыта келгенде театр балалардың көркем қабілеттерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенімі артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Қалай десекте театр балалар үшін мереке, демалыс орыны. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер, тәрбиешілер үшін үлкен табыс.

Қолданылған әдебиеттер

1. Д.Л.Брудный. «Театр неден басталады?» М.1986
2. С.В.Образцов. «Мен өмір бойы қуыршақпен ойнаймын». 1985
3. «Балалар энциклопедиясы» 1977
4. МДМ-тәрбиеші №6, 2009
5. «Балабақша және бала» №6, 2009

БАЛАЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫҢ ҰТЫМДЫЛЫҒЫ

Кайыргалиева Б. Т.,
*№46 «Самал» санаториялық
балабақшасының меңгерушісі*

«Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек!»

Н. Ә. Назарбаев

Қазіргі таңда қай салада болмасын жаһандану кезеңі. Осыған орай әр азамат өз қоғамының толыққанды мүшесі ретінде белгілі талаптарды орындай отырып, жаңашылдықты мақсат тұтқан жөн. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа

саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі - жаңа технологиялардың даму кезеңінде болашақ ұрпақтың атқаратын рөлі ерекше» - деп атап өткендей, бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолдануын қажет етеді [1]. Демек, оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі - инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық бағытта ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау.

Білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – балалардың оқу-танымдық іс-әрекеттерінің белсенділіктерін және ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, оқу-тәрбие процессіндегі дараландыруға бағытталған компьютер мен аудиовизуальды құралдарды қолдану болып табылады [2]. Осы тұрғыда инновациялық білім беру құралдарының бірі мультимедиялық ойындарды балабақшада кеңінен пайдалану, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін белгілі дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Елдің зияткерлік әлеуеті бағыты бойынша, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Компьютерлік ойындар» мультимедиялық интерактивтік үйрететін бағдарламаларды дайындаудың технологиясын ғылыми тұрғыдан негіздеу бүгінгі күн талабы.

Мультимедиялық ойындар біріншіден, балалардың қызушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көруге, түсініп қана қоймай, алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бүлдіршіннің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кезінде де белсенділігін арттыра түсері анық. Мультимедиялық ойындар балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал болып табылады. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні айқын түстерге, ерекше ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әседікке әуес болады. Кез келген ойын дискілерін қолдану кезінде, әр түрлі ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар бүлдіршіндердің таным белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға жағдай туғызады. Компьютер, ақпаратты жүйелі қорыту үшін, ең заманауи құрал бола отыра, оқыту құралдарының бір бөлігі. Сондай-ақ, мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде, жалпы психикалық дамуында табылмас көмекші болып табылады. Неліктен? Себебі, компьютер жаңа ойыншық сияқты, балалар үшін өте қызықты, олар көбінесе солай қабылдайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың компьютермен танысуын, жас ерекшелігі мен оқыту бағыты арнайы таңдап алынған компьютерлік ойындардан бастау керек [3].

Баланың алғашқы танымдық қызығушылықтары ойын және практикалық іс-әрекетпен байланысты. Әдетте, ойын және практикалық іс-әрекет барысындағы танымдық қызығушылық танып-білуге итермелеуші күш ретінде саналы сезілмейді. Бала әр нәрсені танып білу үшін, қандай да бір іс-әрекетпен байланыстыра отырып ойнайды. Осы ретте, балабақша тәрбиешілері мен «Ұлттық ақпараттандыру орталығының» мамандары бірлесе отырып, іс-тәжірибе жүргізді. Компьютерлік ойындар мультимедиялық интерактивтік

үйрететін бағдарламаларды дайындаудың технологиясын ғылыми тұрғыдан негіздеуде шет елдік және отандық ғалымдар еңбектері басшылыққа алынды. Балабақшада жүргізілген зерттеу жұмыстарының нысаны мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Компьютерлік ойындар» мультимедиялық интерактивтік үйрететін бағдарламалары. Осы тақырыпты таңдауымыздың тағы бір себебі, Елбасымыздың Жолдауында айтқан мына сөздері түрткі болды: «Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттілігі туды. Қай заманда болсын, жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді еліміздің болашақ ұрпағының сана-сезімін, ұлттық психологиясын оның ерте замандағы ата-бабалар салт дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу, қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр» - деп, баса назар аударған еді [4].

Бағдарлама аясында мектепке дейінгі білім берудің нормативтік актілер мен отандық және шет елдік ғылыми-педагогикалық әдебиеттер сараланып, отандық және шетел тәжірибесінен мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мультимедиялық интерактивтік үйрететін бағдарламаларды модельдеу, дайындау тәжірибелерімен таныстық. Компьютерлік ойындарды қолдану әдістемесі бойынша тақырыпқа негізделген семинарлар, тренингтер балабақшада ашылған, арнайы жабдықталған компьютерлік сыныпта ұйымдастырылды. Біздің ойымызша «Компьютерлік ойындар» мультимедиялық интерактивтік үйрететін бағдарламалары дидактиканың, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әдіснамалық негізде оған сәйкес көзқарас тұрғысынан негізделген болуы керек, оның-коммуникациялық технологиялардың қазіргі жетістіктерін пайдаланып мектепке дейінгі білім беруге саласында пайдалануға болады. Жұмысты зерттеу кезінде қолданылған әдіснамалық бағдарламалар тұлғалық іс-әрекеттік пен интерактивтік амалдар болып саналады.

«Компьютерлік ойындар» оқыту бағдарламалары танымал, халыққа көп таралған ертегілер негізінде құрастырылды. Ертегілер мазмұны жағынан балаларға түсінікті, балаладың назарын бірден аударады. Тәжірибе барысында жасалған компьютерлік ойындар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты негізінде білім беру салалары бойынша қолданылды. «Таным», «Әлеуметтік орта» біл беру салалары бойынша «Наурыз мерекесі», «Жолдан өту», «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік», «Тәрбиелі болу керек», «Жануардың айтысы» т.б., «Таным» білім беру саласы негізінде «Кім күштілеу?», «Өрмекші, Құмырсқа және Қарлығаш», «Бұл қашан болады?», «Қайыңның шырыны неге тәтті?», «Піл мен маймыл» компьютерлік ойындар тақырыптарында құрастырылды. Бағдарламаларды құрастыруда балалардың жас ерекшелегіне сәйкес, әріп пен санды танымайтындары және компьютерлік бағдарламаларға қойылатын барлық талаптар ескеріліп отырды. «Компьютерлік ойындар» интерактивті оқыту бағдарламаларын қолдану бойынша тәжірибелік-экспериментальды алаң базасы ретінде барлық жасалған «компьютерлік ойындар» сынақтан өткізілді. Оқыту орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде тілде жүргізіледі. Ойында барлық анимацияларды көрсетуде, тапсырмаларды орындауда қолданылатын өту-

батырмасы үшін дыбыстық сүйемелдеу қолданылды. Экспериментке «Шұғыла» ересектер тобының бүлдіршіндері қатысты. Топ баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес компьютерлермен, интерактивті тақтамен т.б. құралдармен, жиһаздармен толық жабдықталды. Компьютерлік ойындарды қолдана отырып жүргізілген оқу іс-әрекеттері топпен, жеке балалармен жүргізілді. Компьютермен жұмыс жүргізуде ұжымдық және жеке формаларды қолданса ұтымды болады. Оқу іс-әрекетін өткізу алдында балаларға жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Балаларда белгілі бір себептермен, компьютермен жұмыс жасағысы келмесе, өзге қолайлы уақыттар қолданылды. Сабақтың жалпы уақытты 30 минутты құрайды. Оқу іс-әрекеті дайындық, негізгі және қорытынды кезеңді қамтиды.

Оқу іс-әрекетінің дайындық бөлігінде балаларды оқу іс-әрекетінің мазмұнына шоғырландыру, әнгімелесу арқылы компьютерлік ойындарға дайындау, жануарлардың, ересек адамдардың әрекеттерін бақылау, бойынша балалардың тәжірибесі арта түседі. Компьютерлік ойындар балалардың қиялын оятып, оларды белсенді әрекетке компьютердегі тапсырманы түсініп жүзеге асыруға көмектесетін арнайы пәндік-бағытталған орта қалыптастыруға әсері мол болды.

Негізгі бөлімде бала компьютерге отырып, ойын ойнау арқылы компьютерлік бағдарламаны басқарып, жақсы көрсеткіш көрсету және мақсатқа жетуге бағытталады. Компьютерлік бағдарламаны игеру туралы балаға бірнеше рет атқарылатын амалдар (іс-әрекеттер) туралы айтылады, яғни әр батырма мен оның қызметі туралы қосымша сұрақтар қою арқылы алдын-ала түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырды. Баланың міндеті - зерттеуші, эксперименттер (тәжірибе жасаушы) ретінде бағдарламаны өз бетімен басқару. Бала компьютердің алдында 10-12 минуттан артық отырмауын және осы уақыт аралығында баланың компьютермен дұрыс жұмыс жасауын тәрбиеші қадағалап отырады. Бала компьютердің алдында отырғанда көзі экранның орталық аумағына перпендикуляр орналасу керек.

Суреттер анық және қарама-қарсы түстер болу тиіс. Бұл балаға көру кезінде көзге түсетін күштің аз болуын қамтамасыз етеді.

Қорытынды бөлімде баланың компьютерде жұмысты орындауы және іс-әрекеттерді реттілігімен орындау, баланың есте сақтауын бекіту шарттары, компьютерді дұрыс пайдалану құрлымдары мен түсініктері бағаланады. Осы мақсатқа жету үшін құрастыру, сурет салу, аз қимылды әр түрлі ойындар қолданылады. Оқу іс-әрекетінің дайындық және қорытынды бөлімдерін компьютерлік залда емес, ойын бөлмесі немесе дене шынықтыру залдарында өткізуге болады. Оқу іс-әрекеті балаға шамадан тыс күш түсу немесе баланың қызығушылығы төмендеген кезде доғаруы керек. Егер балаға компьютер алдында отыру күш түсірсе ең тиімді әдіс ол серігу сәті немесе көзге арналған жаттығу жасау. Сондықтан қорытынды бөлімде көзге түскен күштен арылу үшін (көзге арналған жаттығулар), бұлшық етке түскен күштен арылу үшін серігу сәттері, дене жаттығулары жиыны, баланы түскен күштен арылту мақсатында

әуен арқылы жасалып отырады. Әр іс-әрекеттің алдында және болған соң кабинетке дымқыл тазарту жұмыстары мен кабинетті желдету керек.

Оқу іс-әрекетінің вариативтік бөлігіне балаларды ұлттық бағытта тәрбиелеу мақсатында қазақ этнопедагогикасының материалдары жиі қолданылады. Соның бірі балаларды Жыл басы ұлыстың ұлы күнімен таныстыру барысында «Наурыз мерекесі» атты компьютерлік ойын бағдарламасы сценарийі өз тәжірибемнен құрастырылды. «Наурыз мерекесі» атты компьютерлік ойынның мақсаты балалардың танымдық қызығушылықтарын және логикалық ойлау қаблеттерін дамыту, балалардың бойында байқампаздықты, еңбекқорлық дағдыларын қалыптастыру, өз мемлекетіне деген мақтаныш сезімдері мен халық дәстүрлеріне деген қызығушылықтарын ояту. Мектеп жасына дейінгі балаларға Наурыз мейрамын ойын арқылы қызықтыра отырып, таныстыру. Ойын барысында ата-бабамыздың төл мерекені қандай салт-дәстүрмен атап өтетіндігі жайында баяндалады. Аталған компьютерлік ойын Алматы қаласының танымал қазақ радиосының дикторлары дыбыстады. Түсі өте қанық, ұлттық киім киген кейіпкерлер балаларды бірден өздеріне баурап алады. Сонымен бірге, халқымыздың ұлттық тағамының бірі - жеті тағамнан әзірленетін наурызкөженің қалай дайындалатындығы ойын арқылы көрсетіледі. Ойынды ойнатуда байқағаным, балалардың осы мерекеге деген қызығушылықтары артып, салт-дәстүрімізді құрметтеу мен қатар патриоттық сезімдерінің арта түскендігі. Оған қоса, бұл компьютерлік ойын дискісі балалардың ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауын, қабылдауларын ынталандыратыны анық. Ойынның мазмұны наурыз мейрамы жайлы мультимедиялық әңгіме, осы мейрамды тойлау барысында киетін ұлттық киімдер мен салт дәстүріміз, мерекеде ойналатын ұлттық ойындар жайлы баяндалады. Мәселен, балаларға анимациялық тұрғыда «Қыз қуу» ойыны жайлы айтылады, бұл ойын ертеректе үйлену дәстүрінің құрамдас бөлігі болған. Ойынға екі адам қатынасады – қыз бен жігіт. Жігіттің міндеті – атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, өзінің тез және ұшқырлығын көрсетуі тиіс. Ойындағы дидактикалық тәсілдер, кейіпкерлерді, жас және жыныстық ерекшеліктеріне сәйкес ұлттық киімдерге киіндіру. Өте қызықты тапсырмалардың бірі – виртуальды Наурыз көже даярлау. Наурыз көжені даярлудағы, өз бетімен қосқан үлесінің орны бөлек және тәрбиелік мәні маңызды. Бала, көжеге қосылатын тағамдардың құрамын өзі таңдағандықтан, есте сақтауы да, қызығушылығы да артады.

Құрастырылған ойынның негізгі нәтижесі, баланың әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру, оның ішінде, Наурыз мейрамын тойлау кезіндегі мәдени дағдыларын, адамгершілік қарым-қатынастар бағытын, өзге адамдарға деген төзімділігі, әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас, адамгершілік нормалар жайлы ұғымдарын және өз халқының этникалық нормалары мен құндылықтарын қалыптастыру.

Біз еліміздің ертеңі, жарқын болашағымыздың кепілі, яғни бүгінгі бүлдіршін, ертеңгі азамат тәрбиелеп отырғандықтан, олардың әрдайым әлемдік деңгейде алар асулары биігінен болсын десек, әлем тынысымен тыныстауымыз

керек. Зерттеу жұмысы - мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілермен, тәрбиешілермен, ата-аналарымен әңгімелесу әдісі арқылы оқу іс-әрекеті барысында тәрбиеленушілерді бақылау әдісі арқылы жүргізілді. Барысында тәрбиеленушілердің компьютерлік ойындарды оқу іс-әрекетте пайдалану кезінде әлеуметтік – танымдық құзыреттілік дәрежелері өзгерген. Жетістік көрсеткіштерін, мониторинг жүргізетін индикаторлар арқылы басшылыққа алдық. Көрсеткіш – ол баланың өз жасындағы қалаулы даму нәтежиесі. Бала дамуының құзыреттілігін бағалау жүйесі үш деңгейлі даму құзыреттілігінің шарттарына сай бағаланды. Бірінші деңгейі - бала сол немесе басқ іс-әрекетті өңдейді, екінші деңгейі- бала өз іс- әрекетін түсінеді, үшінші деңгейі - бала өзі жасай алатын әрекетті қолданады.

Біз баланың әлеуметтік, танымдық даму құзыреттілік қалыптасу көрсеткіштерін өлшеу үшін тамыз айының соңын таңдап алдық. Ол кезде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде компьютерлік ойындар қолданылмады және қараша айында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде компьютерлік ойындар мақсатты түрде қолданылды. Тәжірибенің нәтижесі бойынша, біз, балалардың жаңа ақпаратқа әсіресе компьютерлік ойындарға деген қызығушылықтарының жоғары екенін анықтадық. Сонымен қатар, олардың әлеуметтік, танымдық құзыреттілік деңгейлерінің де өскенін байқадық. Балалар қазір алғыс айту сөздерін жақсы біледі, қоршаған ортамен, достарымен ортақ тіл табысу, бірін-бірі кешіру қабілеттері жақсы дамыды. Берілген тапсырмалардың нәтижесі, күнделікті өмірдегі қарапайым себеп-салдар байланысын түсінуі, мінез-құлық ережелері мен түсініктері және «не жақсы», «не жаман» түсініктерін қалыптастыру, яғни әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Қазақ ертегілері желісімен мектеп жасына дейінгі балаларға арналған компьютерлік ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жүйеленіп, нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда пайдаланылатын дискілер жарық көрді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.
2. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы и перспективы использования. –М.: Линка-Пресс, 1998.
3. Актуальные проблемы игровой культуры современного детства / Под.общ.ред. Е.А.Репринцевой. Курск: Курский госуниверситет, 2008. -303 с.
4. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 15 қараша 2015 жыл.
5. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. - Астана. 2012.

ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД К ОРГАНИЗАЦИИ КОРРЕКЦИОННО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ СО СЛАБОВИДЯЩИМИ ДЕТЬМИ

Матвеева М. А.,
*воспитатель высшей категории,
ясли - сада № 23 «Алтын бесік»*

Наш детский сад работает в системе компенсирующего и коррекционно-развивающего воспитания и обучения. Детский сад посещают дети, имеющие различные зрительные патологии и низкую остроту зрения.

Вся моя деятельность строится в двух направлениях. Эффективность лечебно-восстановительной и коррекционно-развивающей работы с детьми с патологией зрения достигается путем системного подхода к проблеме восстановления зрения, подготовки детей к обучению в школе на основе содружества медицины и педагогики [1].

Для каждого ребенка группы с патологией зрения врач-офтальмолог назначает лечение, осуществляет динамическое наблюдение и оценивает результат лечения. Вся эта работа осуществляется по схеме: врач-офтальмолог – медицинские сестры - тифлопедагог – воспитатели – родители, и строится с учетом зрительных нагрузок.

Нами используются ряд специальных занимательных игровых композиций и лечебно-тренировочных упражнений, направленных на развитие остроты зрения, зрительного восприятия (восприятия формы, цветового и пространственного восприятия), прослеживающей функции глаза, ориентировки в пространстве. Для организации воспитательно-образовательного процесса вводится специальный режим дня, с включением плеопто–ортоптического лечения, коррекционных занятий с воспитателем и специалистами в форме фронтальных, подгрупповых и индивидуальных занятий.

Воспитательно-образовательный процесс в детском саду строится таким образом, что все знания, умения, навыки транслируются детям не через систему занятий, а через различные формы образовательной работы, такие как познавательная, двигательная, игровая, коммуникативная, продуктивная и другие виды деятельности.

Основные задачи коррекционно-педагогической работы с детьми с нарушением зрения:

- Активизация зрительных функций (зрительные нагрузки): повышение остроты зрения.
- Тренировка сетчатки глаза. Упражнения с цветными предметами – яркими, крупными.
- Укрепление мышц глаза, развитие глазодвигательных, прослеживающих функций, расширение поля зрения.
- Развитие устойчивой зрительной фиксации (локализации): использовать красную точку на белом фоне. Смотреть, видеть, напрягать зрение.

- Выработка бинокулярного зрения.
- Развитие стереоскопического зрения [2].

Индивидуальная работа по развитию зрительного восприятия ведется в сочетании с фронтальной и подгрупповой работой. Специфичной частью этих занятий является, во - первых, зрительная гимнастика, во - вторых, строгий учет офтальмологических требований при работе с наглядностью.

Работа педагога строится с учетом индивидуальных особенностей и возможностей каждого ребенка в соответствии с принципами личностно-ориентированной дидактики, а именно: пособия и материалы учитывают нарушения зрительного анализатора ребенка, временные ограничения, упражнения и игры соответствуют диагнозу и возрасту детей.

Виды коррекционной работы в дошкольной организации образования:

- развитие зрительного восприятия;
- развитие социально-бытовой ориентировки;
- коррекция нарушений речи;
- развитие осязания и мелкой моторики;
- развитие навыков ориентировки в пространстве [3].

В работе детского сада для детей с нарушением зрения одним из основных принципов организации учебно-воспитательного процесса является индивидуально-дифференцированный подход к каждому воспитаннику [4].

Дифференцированный подход к слабовидящим детям зависит от:

- состояния зрения;
- способов ориентации в познании окружающего мира;
- применения специальных форм и методов работы со слабовидящими детьми;
- специальных наглядных пособий;
- офтальмогигиенических условий (ортоптика – аппаратное лечение, правильное освещение в группах и кабинетах ДО);
- создания специального распорядка жизни, лечения, воспитания и обучения с учетом способностей и потребностей ребенка.

В разработке содержания индивидуальной работы большое внимание уделяется коррекции, упражнению, стимуляции и активизации зрения за счет включения различных игр и упражнений, направленных на повышение остроты зрения, развития фиксации глазодвигательных функций.

Принцип индивидуального и дифференцированного подхода к каждому ребенку предусматривает [5]:

1. Зрительный диагноз ребенка.

Воспитатель должен знать индивидуальные особенности функционирования зрительной системы ребенка. Дети с нарушением зрения при одинаковом состоянии зрительного анализатора (при одинаковой остроте и поле зрения) отличаются друг от друга возможностями его использования: один может выполнять задания с опорой на зрение, другой – на осязание, третий – на осязание и зрение.

2. Подбор специальных наглядных пособий с учётом офтальмологических рекомендаций. Детям с гиперметропическим астигматизмом и амблиопией слабой степени с остротой зрения 0,5 и 0,3 необходимы пособия средних размеров без окантовки, цветовая гамма основных цветов и оттенков.

Детям с низкой остротой зрения необходимы: пособия средних и крупных размеров с окантовкой, цветовая гамма – насыщенная, яркая, разнообразная.

Ребенку с низкой остротой зрения предлагаются пособия крупных размеров с окантовкой в общем плане и фрагментарно, цветовая гамма яркая, насыщенная. Дети со сходящимся косоглазием выполняют задания на подставке, угол которой 40 градусов.

3. Разработка заданий и упражнений разной степени сложности с учетом возраста, психофизических возможностей ребенка, уровня сформированности практических умений и навыков.

Положительная динамика диагностических данных по развитию зрительного восприятия у слабовидящих детей подтверждает значимость индивидуального и дифференцированного подхода в системе общего развития ребёнка.

Коррекционно-педагогическая работа осуществляется на специальных занятиях тифлопедагога, на общеобразовательных занятиях, в свободной деятельности и через дидактические игры.

Педагоги нашего детского сада в образовательной деятельности с детьми с нарушениями зрения используют следующие инновационные технологии:

- проектная деятельность;
- экспериментально - исследовательская;
- элементы здоровьесберегающих технологий

Использование проектного метода помогает:

- осваивать детьми окружающую действительность, всесторонне изучать ее;
- активизировать самостоятельную познавательную деятельность детей;
- развивать творческие способности детей, умение обобщать и анализировать;
- развивать мышление, воображение, память, внимание;
- развивать речь;
- контролировать свое поведение, выполнять простые правила;
- организовывать свою работу;
- сотрудничать с взрослыми и с детьми,
- вовлекать родителей в образовательный процесс детского сада.

Опытно-экспериментальная деятельность детей имеет три составляющих:

1. Случайные наблюдения и эксперименты. Не требуют специальной подготовки. Однако воспитатель должен обладать естественнонаучными знаниями и использовать определенные методы и приемы.

2. Плановые наблюдения и эксперименты. Педагог как сам так и опираясь на опыт детей, их творчество планирует и организует опытно-экспериментальную деятельность во всех режимных моментах и в процессе осуществления ОУД с детьми.

3. Эксперименты как ответ на детские вопросы [6].

Помимо запланированных и случайных экспериментов, существуют эксперименты, которые проводятся как ответ на вопрос ребенка. Непосредственный контакт ребёнка с предметами или материалами, элементарные опыты с ними позволяют познать их свойства, качества, возможности, пробуждают любознательность, желание узнать больше, обогащают яркими образами окружающего мира.

Здоровьесберегающие технологии - это многие из знакомых большинству педагогов психолого-педагогических приемов и методов работы, технологий, подходов к решению задачи сохранения здоровья дошкольников.

Цель здоровьесберегающих образовательных технологий - обеспечить ребенку возможность сохранения здоровья, сформировать необходимые знания, умения и навыки не только общеобразовательного характера, но и здорового образа жизни, научить использовать полученные знания в повседневной жизни.

К здоровьесберегающим технологиям, используемым мною можно отнести следующие: утренний круг, пальчиковая гимнастика, динамические паузы на занятиях, прогулки на свежем воздухе, подвижные игры, гимнастика для глаз, дыхательная гимнастика, релаксация под музыку, мытье рук и лица холодной водой и другие.

В отдельную группу здоровьесберегающих технологий можно отнести специальные игры и упражнения для коррекции зрения и развития сенсомоторных навыков [7].

Применение инновационных педагогических технологий способствует:

- повышению квалификации воспитателей;
- сохранению и укреплению здоровья воспитанников;
- повышению качества обучения и воспитания.

Ребёнок с нарушением зрения нуждается в повышенном внимании педагога, грамотном выстраивании его воспитательно - образовательного маршрута, построении траектории его жизнедеятельности. Педагогический опыт работы с детьми, имеющими патологию зрения, показывает, что чем раньше дети будут получать помощь взрослого сообщества - педагогов, специалистов и родителей, тем более благополучно будет протекать его психологическое развитие, благодаря уникальным компенсаторным возможностям, заложенным в каждом ребенке.

Главное предназначение работы педагогов и специалистов – это подготовить ребенка с нарушением зрения к успешному обучению в школе, активной самостоятельной жизни, адаптации в обществе.

Использованная литература

1. Венедиктова М.В., Галкина Л.Н., Кайдалова Т.Н. Методическое пособие по проведению коррекционных занятий с детьми с нарушением зрения дошкольного возраста. Н. Нов., 2005.

2. Сулейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане. Проблемы и пути решения. Алматы, 2001.
3. Мишин М.А., Тюбекина З.И. Зрительная гимнастика в условиях специального детского сада, как часть коррекционной работы учителя-дефектолога. Физическое воспитание детей с нарушением зрения. № 1 2000г.
4. Обучение и воспитание дошкольников с нарушением зрения. Под ред. Земцовой М.И., М, Просвещение, 2000.
5. Сековец Л. С. Коррекционно-педагогическая работа по физическому воспитанию детей дошкольного возраста с нарушением зрения. Н. Нов., 2001.
6. Дыбина О.В. Неизведанное рядом: занимательные опыты и эксперименты для дошкольников /Текст/ О.В. Дыбина, Н. П. Рахманова, В.В. Щетинина. –М.: ТЦ «Сфера», 2005.
7. Смирнова И.В. Восстановление и профилактика зрения у детей и взрослых. М., Центрполиграф, 2004

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОЙЫН ТҮРІН ПАЙДАЛАНА ОҚЫТУ

Менда Құралай,
*№ 86 «Зияткер» балабақшасының
ағылшын пәні мұғалімі*

Шет тілін оқыту жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлғаның қалыптасуына өте зор ықпалын тигізуі тиіс. Бұл ең алдымен балалардың бойында шығармашылық тәуелсіздікті, белсенділік қабілетінің орындалып жатқан әрекетке деген оң көзқарас тәрбиесін қалыптастыру болып табылады. Жүйелі және мақсатты ағылшын тілін оқыту ережеге сай мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларға білім беру үрдісінің негізгі формасы болып табылатын сынып сабақтарында жүргізіледі.

Мектепке дейінгі жаста ойын әрекеті жетекші әрекет екенін ескере отырып, балалар өзінің жеткен нәтижесін ертерек көру үшін сабақ көбіне сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған ойын формасында өткізіледі. Ойын тілді әр жаста тез меңгеруге өте жақсы жағдай жасайды әрі көмектеседі, бірақ мектепке дейінгі жаста ол өте пайдалы. Бұл жаста ойын жоғары буынға жақындау және зерттеу жолы болып есептеледі. Балалармен жұмыс тәжірибесінде шет тілін оқытуға бағытталған әртүрлі ойындар кеңінен қолданылады: ережеге негізделген ойындар, рөлдік, білімін тереңдетуге арналған ойындар, лингвистикалық ойындардың әртүрлі нұсқалары.

Мектепке дейінгі балаларды ағылшын тілі сабағында жалпы тақырыппен байланыстыру мақсатты болып есептеледі. Мысалы, балалар Винни-Пухтың туған күніне келеді және сабақтың соңына дейін сол туған күн иесімен ойнайды немесе кішкене тышқан Джерриге көмектесу үшін бірнеше тапсыр-малар

жасайды. Осындай жолмен тіл оқыту мақсаты 5-6 жасар баланың өмір сүретін әлемімен байланысып сай келіп тұрады. Бұл таза қызығушылық, жаңаны білу және өзінің қатарлас достарымен ойнауға деген құштарлық се-зімге толы ертегі, қызықты әңгімелер мен өлеңдердің әлемі. Егерде тақырып-тық бірлік бірнеше сабаққа созылса, балалардың әрекетін міндетті түрде түр-лендіру керек, жиірек жұмыстың түрін өзгерту қажет, оларды динамикалық паузалармен, қозғалыс элементтері бар ойындармен көңілін аулау керек. Өйткені балалар бірсарынды сабақтардан шаршап кетуі мүмкін. Бірақ соның өзінде мұғалім сабақтың әр элементі оның міндеттерін орындау қажет болуын, қозғалыс немесе ойын негізгі мақсатқа айналмауын қадағалауы тиіс. Ойын құрылымының схемасы дәстүрлі болып келеді. Сабақ негізінен 3 бөліктен тұрады: кіріспе, негізгі бөлімі, қорытынды. Сонымен қатар, барлық білім берудің мәселелері сәйкес ойын түрлерін және ойын жаттығулары таңдаумен, белгілі бір жүктемелердің алмасуы мен тиімді бөлінуімен шешіледі. Ойынды анықтайтын басты факторлар – қызығушылық, ал қанағат пен қуаныш сезімі сабақ барысын жеңілдетеді. Ойын нақты және мектепке дейінгі баланың дамуын сай келеді. Ересек топта ойын сабақтың 80%-ы ағылшын тілінде өтуі тиіс, ал мектеп алды даярлық тобында 50%-дан көп болмауы керек.

Ойындар негізінен әртүрлі мақсаттармен қолданылады: кіріспе бөлімінде және сөздік қор мен шет тілінің модельдерін бекіткенде; сөйлеу қабілетін қалыптастырғанда; шет тілінде еркін қарым-қатынас жасау формасы ретінде. Сабақ барысында ойы сөзсіз балаларға ағылшын тілін оқытуда ойын әрекетінің орны өте зор. Ағылшын тілінің білім мен тәрбие беру үрдісіне енуі ең қарапайым ойын формаларында жүзеге асырылады: дидактикалық ойындар, драматизациялық ойындар, әуен және қозғалысқа негізделген ойындар. Оқытудың бастапқы этапында ерекше рөлді балаларда пәнге деген қызығушылықты қалыптастыруда бұл мәселелердің шешімін әртүрлі ағылшын тіліндегі ойындар арқылы табуға тырысу қажет.

Ойын элементтерін ағылшын тілі сабағында қолдану

Ағылшын тілін оқытуды мектепке дейінгі мекемелерден басқа, отбасы ортасында да жүзеге асыруға болады. Бұл үшін педагогикалық білімнің болуы міндетті емес, жай ғана үй жағдайында балалармен дидактикалық ойындарды ұйымдастырып өткізу ғана жеткілікті.

Мектепке дейінгі балалалық шақ – ертегі, қызықты ойындар, әңгімелер мен өлеңдер әлемі. Бұл жаста балалардың балабақшадан мектепке ауысу үрдісі жүреді, жетекші әрекет түрінің өзгеруі, яғни ойын әрекетінің оқу әрекетіне ауысуы болады. Бірақ баланы ойын әрекетінен айырудың қажеті жоқ. Оқытудың ойын әдісі өте пайдалы болып келеді, өйткені балаларды ой еңбегіне бірте-бірте үйренуге мүмкіндік береді. Ойын әдісінің кеңінен қолданылуы ойынның бала қуанышының көзі ретінде ғана айқындалмайды, сонымен қатар ол оқыту міндеттерін шешудің ең негізгі жолы болып табылады.

Дидактикалық ойындар ағылшын тілін оқытуда маңызы зор, өйткені бұндай ойындарда балаларда тек қана лексико-грамматикалық материалды бекіту ғана емес, сонымен қатар психикалық үрдістердің қалыптасу жүреді:

ойлау, еске сақтау, еркін зейін қою, және де мақсаттылық, зейінділік, өзін белгілі бір ережелерге бағындыру қабілеті, сонымен қатар әлеуметтік сезім, жанашырлық, әрқашан көмекке келу, көпшілдік, достық сияқты басты адами қасиеттер дамиды. Сондықтан ағылшын тілін оқытудағы дидактикалық ойындардың маңыздылығы тек сабақта ғана емес, үйде де, серуен кезінде де, демалыс уақытында да жоғары болып есептеледі.

Шетел тілін мектепке дейінгі балаларға оқытудың шарттарын ескере отырып, балалар балабақшадан кейін де шетел тілін оқып, түсіне білу қабілетін қалыптастыруға мән берілуі тиіс. Осыған орай, шетел тілін балабақшада оқытудың практикалық мақсатын жүзеге асырудың алғышарты- оқыту әдіс-тәсіліне, коммуникативтік бағдар беруге назар аударылады.

Ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, белсенділігін арттыратындай іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Ойындар жаңа тақырыптарды өткенде, сөздерді, грамматикалық материалды, тұрақты сөз тіркестерін пысықтыруға арналған жаттығулардың бір түрі ретінде пайдаланылады. Мұғалім ойындардың сабақ кезінде қолдануға ыңғайлы, ықшам, өткізілуі жағынан қарапайым түрлерін таңдап алғаны жөн. Таңдап алынған ойындар шәкірттердің сөз байлығына, тілдік қорына сай болуы керек. Қандай да болмасын ойынды өткізу үшін мұғалім алдын ала жоспар құрып алуы қажет. Ол жоспар, әдістемелік тұрғыдан алып қарағанда мынадай шарттарға жауап беруі қажет:

- Ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұны сәйкес келуі;
- Ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
- Ойынның ойналу түрінің топ болып ойнау, кішірек топ болып ойнау т. б. нақтылануы қажет;
- Ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы;
- Қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, мақал- мәтелдері, тақпақтар өлеңдердің таңдалынып алынуы;
- Пысықталатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық материалдардың анықталуы;
- Ойынның өту барысының жоспары жасалуы.

Сабақта қолданылатын ойындар алуан түрлі. Олар негізінен, оқу ойындары және коммуникативтік ойындар болып екіге бөлінеді. Ойынның бір ерекшелігі, ол оқушылардың сабақта өздерін еркін ұстауына, ойларын қысылмай айтуға жағдай жасайды. Балабақша балдырғандарына беретін болғандықтан ағылшын тілі сабағын қызықты етіп өткізу үшін мынадай ойын түрлерін қолдануға болады:

- Фонетикалық ойындар;
- Іс-қимылға байланысты ойындар;
- Тақырыпқа байланысты ойындар;
- Сөйлеу қабілетін дамытуға арналған ойындар;
- Грамматикалық ойындар;
- Сан есімге байланысты ойындар.

Алғаш сөздерді үйреткеннен бастап әрбір әріптен келетін затты көрсетіп өтсек, онда ол әріп оқушының есінде қалады.

Мысалы:

Aa- apple

Bb- ball

Cc- cat т.с.с

Сонымен бірге әрбір әріпті дұрыс қатесіз жазу да бастауыштан басталады. Ол үшін арнайы дәптер немесе әр әріпті мұқият тақтаға жазған дұрыс. Дыбыстарды толық меңгерген оқушы сөздерді дұрыс оқи алады. Оны дұрыс оқыту, оның қатесін дұрыстау әр мұғалімнің міндеті.

Балалардың тақырып бйынша сөздерді толық түсініп әрі қарай жалғастырып оқып қызығуы үшін оларға өтілген әрбір жаңа сабақ ойын сабағы болып өткені жөн. Балалармен ағылшын пәнін ойын сабағы ретінде тез қабылдайды, мұның өзі мұғаліммен оқушыларды пәнге қызықтырудың қосымша шараларын іздестіруді қажет етеді. Мұндай қызықтыру шараларының қатарына: еңбек процестерін суреттеу, еңбек, білім, ғылым озаттары, табиғат, туған ауыл, қала туралы әңгімелеу. Сабақтан тыс жекелей және оқушылар топтарымен консультация зачеттар өткізіледі.

Балабақшада шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты балаларды шет ел тілінде сөйлеуге үйрету. Шет ел тілін үйретудің бастапқы кезеңінде әр сабақ өз мәнінде көрнекі құрал қолдану арқылы тартымды өтілсе, білім мазмұнының сапасы да артпақ.

Бұл кезеңде балалардың сабаққа қызығуын жоғалтып алсақ жоғары сыныптарда олардың тілді әрі қарай меңгеруі қиынға түседі. Сондықтан, сабақ арасында ойын элементтерін қолдану сабаққа қызығуын, белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, жаңа сабақты пысықтау кезеңін сапалы өткізуге материалды толық меңгеруге көмектеседі. Осы орайда жалпы баланың қызығушылық деңгейін арттыруға болатын бірнеше ойын түрлеріне тоқталмақпын.

Who knows ABC best?

Оқытушы алдын- ала дайындаған әліпбидің әріптері жеке- жеке қиып, араластырып тақтаға іліп қояды. Балаларды екі топқа бөлінеді. Екі топтан бір- бір оқушыдан шығып әріптерді рет ретімен 30 секунд ішінде көрсетіп айтып шығу керек. Қанша әріп дұрыс айтылса топ сонша ұпай жинайды.

Snake word

Бұл ойын оқушылардың сөздік қорын тексеруде тиімді. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топқа бір сөз жазылған А3 форматтағы қағаз бен маркер беріледі. Оқушылар сол сөздің соңғы әрпінен басталатын сөздерді жылан тәрізді жазу керек. Мысалы:

S n a k e

g

g i r l

i

f

e l e p h a n t

Blind man

Барлық балалар қол ұстасып дөңгеленіп тұрады. Бір баланың көзін байлап ортаға тұрғызады. Мұғалім ағылшын тілінде 1- 10 дейін санайды. Бұл кезде шеңберде тұрған балалар ақырын көзі байланып тұрған баланы айланады. Мұғалім «ten» дегенде балалар тоқтайды. Мұғалім шеңберде тұрған бір балаға ағылшын тілінде сұрақ қояды. Ал ортадағы бала жауап берген баланың кім екендігін табу керек.

Ойын соңыннан балалармен бірге олардың пікірі, көзқарасы, т.б. талданады., баға беріледі. Ойын кезінде жазылып алынған кесте бойынша қателер түзетіледі. Ойындаы дұрыс ұйымдастыру оның нәтижелі болуының басты себебі екенін есте ұстау ләзім. Бір тақырыпта бірнеше ойын қолданылатын жағдайда, олар тақырыптары бойынша топтастырылып, хатқалтаға салынып сақталады.

Балалардың білім, білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне ойындар көп көмек береді. Олар арқылы түрлі дағдыларды меңгеру барысында балалар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланды. Шетел тілі сабақтарында дұрыс ұйымдастырылып, пайдаланылған ойындар мектепке дейінгі жастағы әр баланың таным-түйсігіне жағымды әсер етіп, алған білімдерін жаңа жағдайларда шығармашылықпен қолдана алуына ықпал етеді.

Балаларды қазіргі замандағы оқыту барысында,әсіресе шетел тілін меңгеру мәселелерінің бірі болып табылады. Шетел тілі қоғамдық өмірдегі қамтамасыз етудің құралы болуға, ол тек жоғары оқу орындарында, балабақшада ғана емес, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларды оқытатын және тәрбиелейтін мекемелерде білім берудің негізгі міндетті компонентіне айналуға .

Шетел тілін ерте оқыту бүкіл әлемдік көп денгейлі тілде және мәдениетке деген қызығушылықты туғызу үшін тамаша мүмкіндіктер жасайды, коммуникативтік тіл ерекшелігін дамытуға ықпал етеді, баланың ойлауына , танымына және есте сақтауына жайлы әсерін тигізеді. Бірақ мектеп жасына дейінгі балаларға тән шыдамсыздық, назар аударудағы тұрақсыздық тез қажу, шаршағыштық сияқты кейбір теріс қылықтарын ескере отырып, ағылшын тілін ойын түрде өткізу керек.

Қазіргі кезде алдында туған өзекті мәселе бұл жанжақты дамыған, көп тілді меңгерген шығармашылық тұлға қалыптастыру.Баланы шет тілінде қарым-қатынас жасап, сөйлеуге ерте жастан бастап үйрету қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі. Балаларға жас ерекшеліктеріне сай тілді менгертіп, басқа халықтың мәдениеттерін әрі дүниежүзі мәдениетіне жол ашуға мүмкіндік береді.

Сондықтан да бүгінгі өскелен уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз, үздіксіз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық.Балабақшада берілген барлық білім- барлық білімнің бастамасы әрі жан- жақты дамыту түпкі негізінен қалайтын орын. Сондықтан да,

балалардын ой өрісін үздіксіз дамыту үшін сабақты ойын арқылы өткізудің маңызы зор. Дыбыстарды дұрыс айту, үйрету үшін артикулясына айрықша көңіл бөлеміз тілдің, еріннің, тістің, жақтың атқаратын қызметін көрсетіп түсіндіру қажет. Мектепке дейінгі балаларды ағылшын тіліне, дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.

Ағылшын тілі сабағында балалардын коммуникативтік, танымдық және басқада белсенділіктерін арттыру, баланың еркіндігімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғысына көрсетуге деген қабілеттілігін дамыту жолдарында баса назар аударуымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. *Компанеева Л.Г.* Преподавание иностранных языков одаренным детям. 20-25 бет – <http://pn.pglu.ru>.
2. *New Headway English Course by Liz and John Soars; Oxford University Press* 11-15 бет.
3. *Казакова З.Д.* «The Kindergarten» балабақша, 5-10 бет.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ДӘСТҮРДЕН ТЫС ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Оспанбекова А. П.,
*№19 «Балбөбек» балабақшасының
тәрбиешісі*

Тәрбиешінің міндеті-баланың бойынан ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, шығармашылық қабілетін, сезімдерін өркендету.

Мағжан Жұмабаев

Балалық шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең. Балалардың болашақтағы өмірге деген қызығушылықтарын балабақшадан бастау керек. Кез-келген бала есін біле бастағаннан бастап тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мысалға, әдемі түрлі-түсті ойыншықтарға, қағаз бетіне салынған суреттер мен заттарды көрсе қуана алғылары келеді. Бұл баланың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын байқатады. Бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын ояту үшін педагогтар көмектесу қажет.

Қазіргі уақытта балалардың шығармашылығын дамыту мәселесі теориялық және практикалық қарым-қатынастардағы ең маңызды мәселе болып табылады. Барлық балалар суреттер мен сурет салуды ұнатады, баланы осы тараптан ынталандыру үшін мен бейнелеу өнеріндегі дәстүрден тыс әдістерін қолдануды ұйғардым.

Сурет салуда балалар көбіне түрлі-түсті және кара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, фломастерлер, акварель борлар т.б.

керекті құралдарды қолданса, ал дәстүрден тыс әдіс арқылы балалар күнделікті көріп жүрген құралдардан ерекше басқаша әдіспен сурет салуды үйренеді.

Дәстүрден тыс сурет салудың көптеген түрлері бар. Атап айтсақ олар: дымқыл қағаз бетінде сурет салу, умаждалған қағаз бетіне сурет салу, көкөністерден жасалған бастырмаларды қолдану арқылы сурет салу, монотипия (көпіршік, целлофан, ағаш) бетінде сурет салу, сия тамшысы, түтікшемен үрлеу арқылы сурет салу, жіппен салу, граттаж (қағаз бетін тырмалау), витраж (шыны бетіне сурет салу), эбру (су бетіне сурет салу), т.б түрлерімен оқу қызмет барысында балаларды таныстырдым.

